

**«ҮЗДІК СЫНЫП ЖЕТЕКШІ»  
облыстық байқауы туралы  
Ереже**

**1. Жалпы ережелер**

1.1. Осы Ереже облыстық «Үздік сынып жетекші» байқауының (бұдан әрі – Байқау) ережесі оның мақсаттары мен міндеттерін, ұйымдастыру және өткізу тәртібін, байқау жұмыстарына қойылатын талаптарды, бағалау критерийлері мен қағидастарын айқындайды.

**2. Байқаудың мақсаттары мен міндеттері**

2.1. Байқау жалпы орта білім беру ұйымдарында педагогикалық шеберлікті арттыру және шығармашылық әлеуетін барынша іске асыру, сынып жетекшілерінің әлеуметтік мәртебесін арттыру мақсатында өткізіледі.

2.2. Байқаудың міндеттері:

– Тәрбие жұмысының тиімді тәжірибелерін, әдістерін, технологияларын анықтау;

– «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын жүзеге асырудағы инновациялық, шығармашылық тәжірибелерді анықтау және насихаттау;

**3. Байқауды ұйымдастыру комитеті**

Байқауды ұйымдастырып, техникалық және әдістемелік қамтамасыз етуді Батыс Қазақстан облысы әдістемелік орталығы жүзеге асырады. Байқаудың ұйымдастыру комитеті (бұдан әрі – Ұйымдастыру комитеті) құрылады.

**4. Байқауға қатысушылар**

4.1. Байқауға жалпы орта білім беру ұйымдарының сынып жетекшілері қатысады. Облыстық байқауға әр ауданнан 1 сынып жетекшісі қатысады.

4.2. Байқауға қатысу ерікті негізде жүзеге асырылады.

4.3. Қатысушылар Байқау комитетінің белгілеген мерзімінде толық құжаттар пакетін тапсыруға міндетті.

**5. Байқаудың қазылар алқасы**

5.1. Байқауға қатысушылардың кәсіби жетістіктерін, жұмысын бағалау және жеңімпаздарды анықтау мақсатында қазылар алқасы (бұдан әрі – Қазылар алқасы) құрылады.

5.2. Байқауға берілген материалдар рецензияланбайды, қайтарылмайды және Ұйымдастыру комитеті сынып жетекшілерінің озық тәжірибесін тарату мақсатында пайдалана алады.

5.3. Байқауды ұйымдастыру комитеті осы Ереженің талаптарына сәйкес келмейтін немесе белгіленбеген мерзімде жіберілген ұсынылған жұмыстарды қарамау құқығын өзіне қалдырады.

5.4. Қазылар алқасы мүшелерінің жұмысының нәтижесі толтырылған және қол қойылған хаттама болып табылады.

## **6. Байқауды ұйымдастыру**

### **6.1. Байқау 2 кезеңнен өтеді:**

- 1-ші кезең – аудандық 2025 жылдың 20-21 қараша аралығында;
- 2-ші кезең – облыстық 2025 жылдың 27 қараша;

## **7. Байқау құжаттарына қойылатын талаптар**

### **I кезең (онлайн)**

Қатысу үшін электронды форматта келесі материалдарды тапсырады:

- Байқауға қатысу туралы өтінім;
- Жетістіктер мен еңбек өтілі, сынып оқушыларының жетістігі туралы ақпарат;

– Креативті сынып сағатын өткізудің толық жоспары және оның өткізілуі туралы бейнеролик, 3 мин. (Әлеуметтік желіде жарияланып, сілтемесі қоса беріледі)

- «Мен үшін сынып жетекшілік – бұл...» тақырыбында 1 беттен аспайтын эссе (Times New Roman, 14 кегль, 1 интервал).

Барлық құжат архивтеліп [zkometodkab@mail.ru](mailto:zkometodkab@mail.ru) почтасына ұсынылады.

### **II кезең (офлайн)**

#### **«Шабыт шеберханасы»**

- Қатысушы өзінің шығармашылық жұмысын немесе авторлық идеясын ұсынады (мысалы: тәрбие жобасы, әдеби көрініс, өлең, ән, сурет, шағын қойылым, т.б.). 7 минут

Тақырып еркін, бірақ тәрбиенің мазмұны мен құндылықтарына сай болуы шарт.

### **III кезең**

#### **«Бір бағыт, бір мақсат: бала болашағы үшін»**

– Ата-аналармен ынтымақтастық мақсатындағы бағдарламасының немесе жобасының презентациясы. (5 минут таныстырылады)

## **8. Жеңімпаздар мен қатысушыларды марапаттау тәртібі**

8.1 Байқау жеңімпаздары Әдістемелік орталықтың марапатына ие болады.

### **«Үздік сынып жетекшісі» байқауына қатысуға өтінімнің формасы**

	Т.А.Ә. толығымен	
	Туылған күні, жылы	
	Еңбек өтілі	
	Қызметі	
	Білім беру ұйымының атауы (аудан, қала)	
	Жетекшілік ететін сыныбы	
	Байланыс (WhatsApp арқылы телефон нөмірі)	
	Электрондық поштаның адресі	
	Сынып сағатының сілтемесі	

**Байқау кезеңдері бойынша тапсырмаларды бағалау критерийлері**

№	Критерийлер мен көрсеткіштер	Баллар
1	<p><b>Электрондық портфолио:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- әртүрлі жобаларға, байқауларға және т.б. педагогтің қатысуын куәландыратын сертификаттардың, дипломдардың болуы;</li> <li>- педагогтің байқауларға, семинарларға, фестивальдерге, дөңгелек үстелдерге қатысуы;</li> <li>- авторлық бағдарламалардың, әдістемелік құралдардың, әдістемелік ұсынымдардың болуы;</li> <li>- БАҚ-та жарияланымдардың болуы; әлеуметтік желілерде, кәсіби қауымдастықтарда аккаунттардың болуы, сайттардың болуы туралы ақпарат;</li> <li>- біліктілікті арттыру курстарының сертификаттарының болуы (сынып жетекші бойынша)</li> </ul>	<p>Әрбір критерий бойынша ұпайлар беріледі: әрбір критерийдің болуы 1-ден 5 баллға дейін;</p> <p>Жетістіктер мен жеңістер деңгейін бағалау:</p> <p>аудандық-1 б; облыстық – 2 б; Республикалық-3 б; халықаралық-4 б.</p>
2	<p><b>Сынып сағатын әзірлеу</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Тақырыптың өзектілігі және «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасымен сәйкестігі</li> <li>2. Әдістемелік мақсаттылық: сынып сағатын өткізудің нақты жоспарының болуы, әртүрлі әдістемелік тәсілдерді (ойындар, пікірталастар, рөлдік ойындар), интерактивті жұмыс нысандары мен визуалды материалдарды пайдалануы;</li> <li>3. Оқушылардың қатысуы: тақырыпты талқылауға балалардың қатысу белсенділігі, олардың қызығушылық деңгейі, өзара іс-қимылға дайындығы, сондай-ақ оқушылармен кері байланыс сапасы;</li> <li>4. Мақсат қою және нәтижелілігі: сынып сағатының мақсаттары қаншалықты нақты тұжырымдалып, оған қол жеткізілгені</li> <li>5. Шығармашылық компонент: іс-шараны қызықты және стандартты емес ететін ерекше элементтердің болуы, оқиғаның оқушыларды талқыланатын тақырып бойынша одан әрі ойлау мен әрекетке шабыттандыру мүмкіндігі.</li> </ol>	<p>Әрбір критерий бойынша ұпайлар беріледі:</p> <p>әрбір критерийдің болуы – 5 б;</p>
3	<p><b>«Шабыт шеберханасы» бойынша</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Шығармашылық жұмыс немесе авторлық идеяның тәрбие бағыттарына сай болуы, идеяның жаңашылдығы;</li> <li>2. Педагогикалық мақсаттылық: шығармашылық жұмыстың тәрбиелік нәтижеге жетуге бағытталуы, оқушы тұлғасына ықпалы;</li> <li>3. Эмоциялық әсер және аудиториямен байланыс: қатысушының ішкі сенімі, көрерменмен өзара байланысы, әсерлілігі, мазмұнның жеткізілу деңгейі</li> </ol>	<p>Әрбір критерий бойынша ұпайлар беріледі:</p> <p>әрбір критерийдің болуы – 5 б;</p>
4	<p><b>«Бір бағыт, бір мақсат: бала болашағы үшін» Ата-аналармен ынтымақтастық бойынша</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Өзара әрекеттестіктің тиімділігі: екі жақты байланысын қамтамасыз ету (кездесулер, жеке кеңестер, электронды хат алмасу), оқушының оқуы мен мінез-құлқына қатысты мәселелерді талқылауға қолжетімділігі.</li> <li>2. Ата-аналарды ақпараттандыру және тарту: Сынып жетекшісі ата-аналарды балалардың маңызды оқиғалары, іс-әрекеттері мен жетістіктері туралы хабардар етеді, оларды мектеп өміріне қатысуға тартады.</li> <li>3. Жеке тәсіл: сынып жетекшісінің әрбір отбасы мен баланың ерекшеліктерін ескеріп, нақты қажеттіліктер мен жағдайға байланысты жеке ұсыныстар немесе көмек көрсете білуі.</li> <li>4. Кері байланыс пен ынтымақтастықты бағалау: ата-аналардан кері байланыс жинау жүйесінің болуы (сауалнама, әңгімелесу) және алынған кері байланыс негізінде сынып жетекшісінің өз іс-әрекетін түзетуге дайындығы, сондай-ақ ортақ нәтижеге жету үшін ата-аналармен белсенді ынтымақтастық.</li> </ol>	<p>Әрбір критерий бойынша ұпайлар беріледі:</p> <p>әрбір критерийдің болуы – 5 б;</p>

